

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім
бөлімінің №8 негізгі орта мектебі» КММ**
ЖЖЕ бойынша 2023-2024 оқу жылы ақпарат

Міндетті оқу курсына іске асыру ҚР Еңбек Кодексінің 4 бөлімі «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» бөліміне ҚР 2014 жылғы 17 сәуірдегі «Жол жүріс ережелері» №194 Заңы, ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы «Баланың құқықтары туралы» №345 Заңы, ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы «Жол жүріс қағидаларын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» №1196 қаулы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта 59 білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығын және мектептің 2022 жылғы 31 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің шешімін негізге ала отырып, Балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу жоспары, жолда жүру ережесі, нұсқаулық іс-шара жоспары жасалып, бекітіліп, іске асырылды. - «Жол қозғалыс ережелері» оқу курсының мазмұны: - 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырылды. 5-8 сыныптарда аталған оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда сынып сағаттарының есебінен әрбір сыныпта 10 сағат көлемінде өткізу сынып жетекшілерге міндеттеліп, іске асырылды. Былтырғы 2022-2023 оқу жылында «Жолда Жүру Ережелері» бойынша 1-2 сыныптардың сынып жетекшілері (ЖЖЕ) сынып сағаттарына кіргізді. 3-4 сыныптардың сынып жетекшілері (ЖЖЕ) сынып сағаттарына кіргізбеді. 5-6 сыныптың сынып жетекшілері (ЖЖЕ) сынып сағаттарына кіргізбеді. 7-8 сынып жетекшілері (ЖЖЕ) сынып жетекшілер кіргізді.

Биылғы 2023-2024 оқу жылында былтырғы оқу жылында кеткен қателігімізді түзеттік. 1-4 сыныптарда 6-сағат 5-8 сыныптарда 10-сағат сынып жетекшілері «Жолда Жүру Ережелері» жоспарын түгел тәрбие сағат жоспарларына жүктеді. 1-2 сыныптардың сынып жетекшілері (ЖЖЕ) сынып сағаттарына кіргізді. 3-4 сыныптардың сынып жетекшілері (ЖЖЕ) сынып сағаттарына кіргізді. 5-6 сыныптың сынып

жетекшілері (ЖЖЕ) сынып сағаттарына кіргізді. 7-8 сынып жетекшілер(ЖЖЕ) сынып сағаттарына кіргізді.

Оқушылар арасында жолда жүру ережесін және жол қауіпсіздік ережесін сақтау мақсатында, мектебімізде қыркүйек айында «Жолда жүру ережесі» атты тақырыпта айлық өтілді.

Айлық барасында әр оқушы «Мектепке жол» атты тақырыптарда күнделіктеріне жол бағытының сызбасын сызды. Бастауыш сыныптарды көшеге, мектеп ауласына жол қауіпсіздік белгілерімен таныстыру үшін саяхат жасалды. «Жолда жүру ережесі» айлығына байланысты барлық сыныптарда «Абайла бағдаршам», «Дорога, транспорт, пешеход», «Бағдаршам», «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік», «Жол тәртібін жадында ұста!», «Көшеде сақ бол!» тақырыптарында ашық тәрбие сағаттары өтілді.

Мектеп оқушыларынан , « Көше-ең үздік оқулық» («Улица-лучший учебник»), «Жүргінші болу онай емес» («Пассажиром быть не просто») атты тақырыптарда диктант жазылды. Жас суретшілеріміз «Абайлаңыздар балалар» атты тақырыпта суреттер салып көпшілікке көрсетілді. Мектеп спортшыларыда айлық кезінде 5, 6, 7, 8 сыныптар арасында футболдан және тағы да басқа спорт түрлерінен жарыстар өткізді. Айлық барысында жол инспекторлар қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылды. 5-6 сынып жетекшілірдің ұйымдастыруымен «Мен жол жүру ережелерінің жеті бағытын білемін» атты ХХІ ғасыр көсбасшысы байқауы өткізілді.

Жалпы ЖЖЕ айлығы бойынша атқарылған іс-шаралар қорытындысы мектеп директорының жанындағы жиында қаралды.

11.11.23 «Абайлаңыздар балалар!» «Водитель будь внимателен на дорогах!» тақырыбында 5-9 сынып арасында сынып сағаттар өткізілді. 20.02.24 күні темір жол полициясы аға лейтенант Нұртаза Алтынбек 5-9 сынып оқушыларымен темір жол маңайындағы қауіпсіздік жайында сөз өрбітті. Аталмыш кездесуде темір жол маңайында ойнап жүргек поезд қызметіне кедергі келтірген жағдайда ата-аналарына қомақты көлемде айыппұл салынатыны жайында ескерте отырып, оқушылардың қызықтырған сұрақтарына жауап берді.

Сонымен қатар әр айдың алғашқы аптасының бейсенбі күні құқық минуты өткізіледі. “Біздің елімізде әр түрлі көліктер жылдан-жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол-көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Жол-көлік оқиғаларының зардабынан көбіне балалар зардап шегуде. Оның себебі – көптеген мектеп оқушылары жолда жүру ережелерін әлі де болса нашар біледі” деген мақсатта, жол тәртібін сақтау инспекторларымен кездесу

ұйымдастырылды. Аталмыш кездесуде,

1. Мектепке келе жатып үлкен жолдың шетімен жүр.
2. Алдыңнан машина шықса жол бер. Тоқтап тұрған машинаның қасынан абайлап өт.
3. Жол үстінде ойнама, сырғанақ теппе.
4. Жер тайғақ болса, жолда абайла.
5. Қаламыздың кейбір жерлерде тротуар жоқ, сондықтан жолдың оң жақ шетімен жүру керек екендігі жайында айтылып, түсіндірме жұмыстарын жүргізілді. Алдағы уақытта “Жолда жүру ережесін сақтаймыз” атты шығарма ,«Абайлаңыздар балалар!» «Водитель будь внимателен на дорогах!» тақырыбында сурет сайысы өткізіліп үздік деп табылған жұмыстар мектеп директорының мақтау қағазымен марапатталды. Алдағы уақытта жоспарлы түрде жұмыстар өз жалғасын таппақ.

Мектеп директоры:



Дуйсенбаева Л.А